«Ақтөбе қаласы білім бөлімі»ММ

«BILIM QAZYNA» КММ

«№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ

2026 жыл «08»

№ 1 бұйрығымен

БЕКІТІЛДІ

Б А Ғ Д А Р Л А М А

«Балапан DANCE»

(ортаңғы, ересек, мектепалды топтар)

Ақтөбе 2026

Бағдарлама негізі: «Нәзік бишілер» А.С.Садыкова «Ритмикалық би өнері» «Рауан» Алматы 2007ж бағдарламасынан алынған.

Құрастырған : Би жетекшісі: Муханбетова К.М

№21 «Кәусар бұлақ»ББ педагогикалық кеңесінде **«Балапан DANCE»** бағдарламасы талқыланды

Хаттама № 1 «25» 08 2026 жыл

№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай-меңгерушісі А.Т.Казмұханбет

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында **«Балапан DANCE»** бағдарламасы мақұлданды және бекілді.

Хаттама № 2 «31» 08 2026 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы: М.О.Косымбаева

Би жетекшісі Муханбетова Құндыз Мұңсызбайқызының
«Балапан DANCE» бағдарламасына

ПІКІР

Бүгінгі балабақшаның қояр талабы- ой өрісі кең , өзіндік жеке ерекшілігі бар сапалы ұрпақ тәрбиелеу.

Егеменді еліміздің келешек ұрпағын қазіргі заманның сұранысына лайық, ой – өрісі кең өзіндік көз қарасы орныққан , жеке ерекшеліктерімен дараланып тұратын тұлға тәрбиелеу – бүгінгі мектепке дейінгі бөбекжай балабақшасының міндеті болып табылады.

Муханбетова Құндыз өзінің жинаған тәжірибесіне сүйене отырып, ритмика оқу іс әрекетінің бағдарламасын ұсынып отыр. Оқытушылар тақырыптық жоспарды құрарда балалардың жас ерешеліктерін ескере ойын әдісін басшылыққа алады.Ритмикалық жаттығуларға балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып , жүзеге асырылынады.Баланың физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып , әр түрлі жылдамдықпен жүру, бір қалыпты адымдай, жүгіріп келіп секіру арқылы , ритмикалық, пластикалық әр түрлі қимыл қозғалыстарын жасайды.

Бұл бағдарлама балалардың жасына сай , дене қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып , қазіргі заман талабына сай би негіздерін қалыптастырады.Сонымен қатар бағдарлама баланың дене құрылысының қалыпты дамуына әсер ету арқылы өнерге баулиды.Музыка тыңдау қабілеттерін дамытады.

Бұл еңбек өз тәжірибелерінде мектеп мұғалімдері мен балабақшадағы жетекшілерге де пайдалануға жарамды.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»ММ
«BILIM QAZYNA» ҚММ-нің әдіскері: **К.И.Ерекеева**

Түсінік хат

Жас ұрпақтың көкірегіне әсемдік пен әдемілікті сезінудің алғашқы ұшқының ұялататын би өнері, би-сезім, сымбаттылықтың негізі. Ол баланың ой – қиялын дамытады,дене бітімін дұрыс қалыптасуына, аяқ-қолдарының, буындарының дұрыс дамуына,қан айналымын реттеуге, жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді. Кішкене бала бір ән немесе күй естісе,өзінше сол әуеннің ырғағына қимыл жасап билегендей болады. Сұлулықты сезініп әсемдік ұғынған баланың сезімі терең,жан дүниесі бай жүрегі қайырымды болуы сөзсіз. Сол себепті,бүгінгі таңда жас ұрпаққа би өнері сияқты эстетикалық мәндегі бағдарлама арқылы балалардың бойында әсемдікті қабылдау,сезіну,бағалай білу қабілеттерін қалыптастыру қажеттігі маңызды мәселенің біріне айналуда.Балаға эстетикалық тәрбие беруде би өнерінің алатын орны ерекше.

Би өнері музыка таңдауға,ырғақты сезініп,мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп,дене бітімнің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Халықтың дәстүрлі билерімен қазіргі би ырғақтар меңгеріп,баланың талғамын арттырып дүние танымын кеңите түседі. Музыка әуені мен ырғағына қосылып билеу, баланың денсаулығына да пайдалы әсер етіп,оның дөрекі, жағымсыз әдеттерден сақтандырады.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына балаларды балабақшада тәрбиелеу мен психологиялық-педогогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесін ескере отырып бағдарлама құрылды. Бағдарлама бойынша балаларға арналған жаттығулар, қимылдар мен қатар қазақтың халық билері, қазіргі заманға сай билері үйретіледі.

Мақсаты: Балабақшадағы оқу іс-қызметінің мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін би қимылдарын толық меңгертіп,дұрыс,мәнерлі билеуге үйрету.

Міндеті:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыру,сымбаттылыққа үйрету.
2. Балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына септігін тигізу.
3. Балаға өмірдегі әсемдікті, көркемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиежелері: Әуен бойынша би ырғақтарын орындайды. Би қимылдарын әуен бойынша билеуді игереді. Өз беттерінше би билеу дағдысы қалыптасады.

Бағдарламаның қолдану мерзімі :

«Би өнері» бағдарламасы 2 жылға жоспарланып жасалған.

Бағдарлама тақырыптары

(Ортаңғы топ) 36 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Иіліп сәлемдесу	1
2	Бидегі қол қалыптары	1
3	Бидегі аяқ қалыптары	1
4	Қол мен аяқ қалыптарын бекіту	1
5	«Қолшатыр» би қимылдары	2
6	«Қолшатыр» биі	2
7	Би залының ортасында тұрып жасалатын жаттығулар	2
8	Музыкалық ырғақтық ойындар	1
9	«Егежейлілер» биінің қимылдары	2
10	«Егежейлілер» биі	2
11	Қазақ биіндегі қимылдар	2
12	«Қуыршақ » биі	2
13	«Қуыршақ» биін түрлендіру	2
14	Аяққа арналған жаттығулар	2
15	«Асатаяқ» биіндегі қимылдар	2
16	«Асатаяқ» биі	2
17	Қазіргі заман биінің қимылдары	2
18	«Түрлі лентамен би»	2
19	Музыкалық ырғақтық ойындар	2
20	Ырғақтық би қимылдары	2
21	«Би билейміз бұралып»	1

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. Иіліп сәлемдесу — Балаларды би сабағына ұйымдастыру, дұрыс тұру қалпын қалыптастыру. Иіліп сәлемдесудің орындалу тәртібімен таныстыру. Денені тік ұстап, басты дұрыс орналастыру, қолды әдемі ұстау және иілу қимылдарын меңгерту. Музыка әуенімен иіліп сәлемдесуді орындау арқылы әдептілікке, жинақылыққа және сахналық мәдениетке тәрбиелеу.

2. Бидегі қол қалыптары — Бидегі негізгі қол қалыптарымен таныстыру. Қолды төмен, алға, жанға және жоғары бағытта дұрыс орналастыруды үйрету. Шынтақ пен саусақтардың қалпын сақтау, қолды еркін әрі әсем қозғалту жаттығулары орындалады. Қол қалыптарын музыка ырғағымен орындау арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту.

3. Бидегі аяқ қалыптары — Бидегі негізгі аяқ қалыптарын меңгерту. Аяқтарды дұрыс орналастыру, дене салмағын екі аяққа тең бөлу, аяқ ұшымен тұру жаттығуларын орындау. Аяқтың қимыл кезіндегі қалпын сақтауға үйрету. Тепе-теңдікті сақтау, аяқ бұлшықеттерін нығайту және қозғалыс дәлдігін дамыту.

4. Қол мен аяқ қалыптарын бекіту — Алдыңғы сабақтарда меңгерілген қол және аяқ қалыптарын қайталау және бекіту. Қол мен аяқ қалыптарын бір уақытта орындау, оларды музыка ырғағына сәйкес ауыстыру. Қимылдардың бірізділігіне, денені дұрыс ұстауға және қозғалыстарды дәл орындауға көңіл бөлу. Қарапайым би комбинацияларын орындау.

5. «Қолшатыр» би қимылдары — «Қолшатыр» биінің негізгі қимылдарымен таныстыру. Қолшатырды дұрыс ұстау және қауіпсіз пайдалану тәсілдерін үйрету. Қолшатырды жоғары көтеру, төмен түсіру, жанға бағыттау және айналдыру қимылдарын меңгерту. Қолшатыр қозғалыстарын аяқ қадамдарымен үйлестіру және музыка ырғағына сәйкес орындау.

6. «Қолшатыр» биі — «Қолшатыр» биінің үйренілген қимылдарын біріктіру. Би композициясының қозғалыстарын ретімен орындау. Қолшатырмен орындалатын қимылдарды қол, аяқ және дене қозғалыстарымен үйлестіру. Топпен бір уақытта қозғалу, арақашықтықты сақтау және музыкалық ырғақты сезіну дағдыларын қалыптастыру.

7. Би залының ортасында тұрып жасалатын жаттығулар — Би залының ортасында орындалатын хореографиялық жаттығуларды меңгерту. Денені тік ұстау, басты дұрыс орналастыру, иықты бос ұстау жаттығулары жүргізіледі. Қолды жоғары, төмен және жанға көтеру, аяқты алға және жанға созу, аяқ

ұшына көтерілу, жеңіл отырып-тұру қимылдары орындалады. Дене икемділігін, тепе-теңдікті және қозғалыс үйлесімділігін дамыту.

8. Музыкалық ырғақтық ойындар — Балалардың музыканы тыңдау және ырғақты сезіну қабілетін дамытуға арналған қимылды ойындар ұйымдастыру. Музыка басталғанда қозғалу, тоқтағанда қимылды тоқтату, жылдам және баяу әуенге сәйкес қозғалыс қарқынын өзгерту жаттығулары жүргізіледі. Ойын арқылы зейінді, есту қабілетін, есте сақтауды және шапшаңдықты дамыту.

9. «Егежейлілер» биінің қимылдары —«Егежейлілер» биінің мазмұнымен таныстыру. Би кейіпкерлеріне тән көңілді, ширақ және шағын қимылдарды меңгерту. Тізені сәл бүгіп қозғалу, ұсақ қадамдар жасау, иілу, қол қимылдары және жеңіл секіру элементтерін үйрету. Қимылдарды музыка ырғағымен үйлестіріп орындау.

10. «Егежейлілер» биі «Егежейлілер» биінің негізгі қимылдарын қайталау және бекіту. Қимылдарды белгіленген реттілікпен орындау, музыка қарқынын сақтау. Би барысында топпен бірдей қозғалу, кеңістікте дұрыс орналасу және арақашықтықты сақтау дағдыларын қалыптастыру. Би композициясын толық орындауға жаттықтыру.

11. Қазақ биіндегі қимылдар — Қазақ ұлттық биінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ биіне тән қол, білек, саусақ, иық және дене қимылдарын меңгерту. Ұлттық би қимылдарын әсем және мәнерлі орындауға үйрету. Қарапайым қазақша қадамдар мен бұрылу элементтерін музыка ырғағымен үйлестіру. Ұлттық өнерге қызығушылықтарын арттыру.

12. «Қуыршақ» биі — «Қуыршақ» биінің мазмұны мен ерекшеліктерімен таныстыру. Қуыршақ бейнесін қимыл арқылы көрсету: денені тік ұстау, қолды жинақы орналастыру, басты және денені ырғақпен қозғалту. Қарапайым қадамдар, бұрылу және қол қимылдарын меңгерту. Би қимылдарын музыкамен үйлестіріп орындау.

13. «Қуыршақ» биін түрлендіру — «Қуыршақ» биінде бұрын үйренген қимылдарды қайталау. Қимылдардың бағытын, қарқынын және орындалу тәсілін өзгерту арқылы биді түрлендіру. Жаңа қол және аяқ қимылдарын қосу. Балалардың шығармашылық қабілеттерін пайдаланып, қарапайым жаңа би комбинацияларын құрастыру. Музыкаға сәйкес түрлендірілген би қимылдарын орындау.

14. Аяққа арналған жаттығулар — Аяқ бұлшықеттерін дамытуға және қимыл икемділігін арттыруға арналған жаттығулар орындау. Аяқты алға, артқа және жанға созу, аяқ ұшына көтерілу, жеңіл отырып-тұру және бір аяқпен тепе-теңдік сақтау жаттығулары жүргізіледі. Жеңіл секіру элементтерін енгізу. Аяқ

қимылдарын музыка ырғағымен орындау арқылы тепе-теңдік пен үйлесімділікті дамыту.

15. «Асатаяқ» биіндегі қимылдар — Қазақтың ұлттық би өнеріндегі «Асатаяқ» биімен таныстыру. Асатаяқты дұрыс ұстау және қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіру. Асатаяқпен орындалатын қол қимылдарын, аяқ қадамдарын және дене қозғалыстарын меңгерту. Асатаяқты ырғаққа сәйкес қозғалту және музыкалық әуенмен үйлестіру жаттығуларын орындау.

16. «Асатаяқ» биі — «Асатаяқ» биіндегі негізгі қимылдарды қайталау және бекіту. Асатаяқпен орындалатын қимылдарды қол және аяқ қозғалыстарымен біріктіру. Би композициясын ретімен орындау. Топпен бірдей қозғалу, арақашықтықты сақтау және музыка ырғағын сезіну дағдыларын қалыптастыру. Би қимылдарын мәнерлі орындауға үйрету.

17. Қазіргі заман биінің қимылдары — Қазіргі заман биінің қарапайым қимылдарымен таныстыру. Қол, аяқ және дене қозғалыстарын музыка ырғағына сәйкес орындау. Алға және жанға қадам жасау, бұрылу, жеңіл секіру және денені ырғаққа сәйкес қозғалту элементтерін меңгерту. Музыканың қарқынына қарай қимылдарды өзгерту арқылы еркін қозғалу қабілетін дамыту.

18. «Түрлі лентамен би» Түрлі түсті ленталармен би қимылдарын орындау тәсілдерін үйрету. Лентаны дұрыс ұстау, жоғары-төмен, алға-артқа және жанға қозғалту жаттығулары орындалады. Лентамен шеңбер, толқын және әртүрлі өрнектер жасау қимылдарын меңгерту. Лента қозғалысын аяқ қадамдарымен үйлестіріп, музыка ырғағына сәйкес орындау.

19. Музыкалық ырғақтық ойындар —Музыкалық ырғақты сезінуге және есте сақтауға арналған қимылды ойындар өткізу. Музыка әуенінің жылдамдығы мен сипатына қарай қозғалыстарды өзгерту. Музыка тоқтағанда тоқтау, ырғақты қайталау, берілген қимылды есте сақтап орындау ойындары жүргізіледі. Балалардың зейінін, естуін, есте сақтауын және қимыл шапшаңдығын дамыту.

20. Ырғақтық би қимылдары Музыкалық ырғаққа сәйкес орындалатын би қимылдарын меңгерту. Қадам басу, қол шапалақтау, аяқпен ырғақ жасау, бұрылу, иілу және жеңіл секіру қимылдары орындалады. Бірнеше қимылды бірізділікпен орындау, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Музыканың қарқыны мен ырғағын сақтай отырып, шағын би комбинацияларын орындау.

21. «Би билейміз бұралып» — Жыл бойы меңгерілген негізгі би қимылдарын қайталау және бекіту. Қол, аяқ және дене қозғалыстарын музыкамен үйлестіру. «Би билейміз бұралып» биінің қимылдарын ретімен орындау, топпен бір уақытта қозғалу және арақашықтықты сақтау. Музыкалық ырғақты сезіну, би қимылдарын мәнерлі орындау және жыл бойғы оқу материалын қорытындылау.

Бағдарлама тақырыптары

(Ересек топ) 36 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Ұйымдастырушылық жұмыс.Таныстыру.	1
2	Денені тік ұстап, маршпен жүру	1
3	Қол және аяқ қалыптары	2
4	Қол қимылдарына арналған жаттығулар	2
5	«Өзбек» биіне дайындық	2
6	«Өзбек» биі	2
7	Иық белдеулеріне арналған жаттығулар	2
8	«Грузин» биіне дайындық	2
9	«Грузин» биі	2
10	Әр түрлі қадамдар	2
11	«Періштелер» классикалық этюд	2
12	«Періштелер» қойылым	2
13	Ырғақты би қимылдары	1
14	«Қамшы» биіне дайындық	2
15	«Қамшы» биі	2
16	Жүрудің, жүгірудің түрлері	2
17	Музыкалық ырғақты ойындар	2
18	«Барабандар» биіне дайындық	1
19	«Барабандар» биі	1
20	Би қимылдарының түрлері	2
21	«Биші болам өскенде»	1

Бағдарлама мазмұны

1. Ұйымдастырушылық жұмыс-Балаларды би үйірмесінің мақсатымен және міндеттерімен таныстыру. Би залының тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Дене қалпын дұрыс ұстау, басты тік көтеру, иықты бос ұстау, аяқтарды дұрыс орналастыру жаттығулары орындалады. Музыканы тыңдау, ырғақты сезіну және қарапайым қимылдарды музыка ырғағына сәйкес орындау жұмыстары жүргізіледі.

2. Денені тік ұстап, маршпен жүру —Денені тік ұстау, басты жоғары көтеру, иықты бір деңгейде ұстау жаттығулары орындалады. Марш қадамын дұрыс басу, аяқ пен қол қозғалысын бір-бірімен үйлестіру үйретіледі. Музыка ырғағына сәйкес алға, артқа және шеңбер бойымен жүру жаттығулары орындалады. Қозғалысты бір уақытта бастап, бір уақыттатоқтатуғадағдыландыру.

3Қол және аяқ қалыптары — Хореографиядағы негізгі қол және аяқ қалыптарымен таныстыру. Қолды бірінші, екінші, үшінші қалыптарға дұрыс қою үйретіледі. Аяқтың негізгі қалыптарын орындау, дене салмағын дұрыс бөлу жұмыстары жүргізіледі. Қол мен аяқ қалыптарын кезектестіріп орындау арқылы қозғалыс үйлесімділігі дамытылады. Үйренген қалыптарды музыка сүйемелдеуімен қайталау және бекіту

4.Қол қимылдарына арналған жаттығулар — Қолды жоғары, төмен, алға және жанға бағыттау жаттығулары орындалады. Қол білезігін, саусақтарды және шынтақты дұрыс ұстау үйретіледі. Қолды жұмсақ әрі әсем қозғалтуға арналған жаттығулар жасалады. Қол қимылдарын музыка ырғағымен сәйкестендіру, бір қимылдан екінші қимылға бірқалыпты ауысу дағдылары қалыптастырылады.

5. «Өзбек» биіне дайындық — Өзбек халқының ұлттық биінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Өзбек биіне тән қол, білек және саусақ қимылдарын үйрету. Иық пен дене қозғалыстарын дұрыс орындау жаттығулары жүргізіледі. Ұлттық биге тән жеңіл қадамдар, бұрылу және қол қозғалыстары жеке-жеке меңгеріледі. Қимылдарды музыка ырғағына сәйкес орындауға жаттықтыру.

6. «Өзбек» биі — «Өзбек» биіне дайындық барысында үйренген қимылдарды қайталау. Қол, аяқ және дене қозғалыстарын бір композицияға біріктіру. Музыка ырғағын сақтай отырып би қимылдарын орындау. Сапта дұрыс орналасу, қимылдарды бір уақытта орындау және би соңындағы қалыпты сақтау жаттығулары жүргізіледі. Би композициясын толық орындауға дайындық.

7. Иық белдеулеріне арналған жаттығулар — Иықты жоғары көтеру және төмен түсіру, алға және артқа айналдыру жаттығулары орындалады. Мойын мен иықты бос ұстау, денені еркін басқару жұмыстары жүргізіледі. Қол мен иық қозғалыстарын музыка ырғағымен орындау үйретіледі. Иық белдеуінің икемділігін арттыруға және қимылдардың әсем орындалуына көңіл бөлінеді.

8. «Грузин» биіне дайындық — Грузин халық биінің ерекшеліктерімен таныстыру. Денені тік және жинақы ұстау, нық қадам жасау үйретіледі.

Грузин биіне тән қол қалыптары, аяқ қадамдары және бұрылу элементтері меңгеріледі. Қимылдарды алдымен баяу, кейін музыка ырғағына сәйкес орындау жұмыстары жүргізіледі. Би элементтерін топпен орындауға дайындық жасалады.

9. «Грузин» биі — «Грузин» биіне дайындық кезінде меңгерілген қимылдарды қайталау. Негізгі қадамдарды, қол қозғалыстарын және бұрылуларды біріктіріп орындау. Музыка ырғағын сақтау, денені дұрыс ұстау және қозғалыстың нақтылығына көңіл бөлу. Би композициясын топпен бірдей орындау, сапты және арақашықтықты сақтау жаттығулары жүргізіледі.

10. Әр түрлі қадамдар — Бидегі негізгі қадамдардың түрлерін меңгеру. Алға, артқа, оңға және солға қозғалу қадамдары орындалады. Аяқ ұшымен, өкшемен және толық табанмен жүру жаттығулары жасалады. Қадамдарды баяу және жылдам ырғақта орындау үйретіледі. Әртүрлі қадамдарды бір-бірімен байланыстырып, қарапайым би комбинацияларын орындау.

11. «Періштелер» классикалық этюд — Классикалық хореографияның қарапайым элементтерімен таныстыру. Денені тік ұстау, аяқтың негізгі қалыптарын сақтау және қолды дұрыс орналастыру үйретіледі. «Періштелер» этюдіне арналған жеңіл қадамдар, қолдың жұмсақ қозғалыстары және қарапайым бұрылулар меңгеріледі. Қимылдарды музыка әуенімен үйлестіріп, нәзік әрі бірқалыпты орындауға жаттықтыру.

12. «Періштелер» қойылым — «Періштелер» этюдінде үйренген барлық қимылдарды қайталау. Қойылымның әр бөлігін ретімен орындау. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіру, кеңістікте дұрыс орналасу, сахналық бағытты сақтау жұмыстары жүргізіледі. Топпен бірдей қозғалу, қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділігін сақтау арқылы қойылымды толық орындауға дайындық жасалады.

13. Ырғақты би қимылдары — Музыканың ырғағын тыңдау және оны қимыл арқылы көрсету. Қол шапалақтау, аяқпен ырғақ соғу, денені бұру, жеңіл секіру және қадам жасау жаттығулары орындалады. Әртүрлі ырғақтағы музыкаға сәйкес қозғалу үйретіледі. Қарапайым ырғақты комбинацияларды есте сақтап, қайталап орындау арқылы музыкалық есту қабілеті дамытылады.

14. «Қамшы» биіне дайындық — Қазақ халқының ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамшы» биінің мазмұны мен ерекшеліктері түсіндіріледі. Қамшыны дұрыс ұстау, оны қауіпсіз пайдалану ережелері көрсетіледі. Би барысында орындалатын қол, аяқ және дене қимылдары жеке-жеке үйретіледі. Қимылдарды ұлттық әуеннің ырғағымен орындауға жаттықтыру.

15. «Қамшы» биі — «Қамшы» биінің негізгі қимылдарын қайталау және бекіту. Қамшыны дұрыс ұстап, қол қозғалыстарын аяқ қадамдарымен үйлестіру. Ұлттық би қимылдарын музыка ырғағымен орындау. Топпен бірдей қозғалу, арақашықтықты сақтау және би композициясын басынан аяғына дейін орындауға жаттықтыру.

16. Жүрудің, жүгірудің түрлері — Жүру мен жүгірудің әртүрлі түрлерін меңгеру. Қалыпты жүру, баяу жүру, жылдам жүру, аяқ ұшымен жүру жаттығулары орындалады. Жеңіл жүгіру, музыка ырғағымен жүгіру, бағытты өзгерту және тоқтау жаттығулары жүргізіледі. Қозғалыс кезінде кеңістікті дұрыс бағдарлау, арақашықтықты сақтау және денені тік ұстау дағдыларыбекітіледі.

17. Музыкалық ырғақты ойындар — Балалардың музыканы тыңдау, ырғақты сезіну және қимылды есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған ойындар ұйымдастырылады. Музыка басталған кезде қозғалу, музыка тоқтағанда қимылды тоқтату жаттығулары орындалады. Музыканың қарқыны өзгерген кезде қозғалысты өзгерту үйретіледі. Қимылды қайталау және топпен бірлесе орындау арқылы зейін мен ептілік дамытылады.

18. «Барабандар» биіне дайындық — «Барабандар» биінің мазмұнымен таныстыру. Барабан ырғағын тыңдап, соған сәйкес қозғалу үйретіледі. Қол соғу, аяқпен ырғақ жасау, алға және жанға қадам жасау сияқты негізгі қимылдар меңгеріледі. Қимылдарды музыка ырғағымен бірдей орындауғажаттықтыру

19. «Барабандар» биі —«Барабандар» биіне дайындық кезінде үйренген қимылдарды қайталау. Ырғақты қимылдарды музыкамен бірге орындау. Қол және аяқ қозғалыстарының үйлесімділігіне көңіл бөлу. Би композициясын топпен бір уақытта бастау, орындау және аяқтау жаттығулары жүргізіледі.

20. Би қимылдарының түрлері — Би қимылдарының негізгі түрлерін қайталау: қадам жасау, жүру, жүгіру, секіру, бұрылу, иілу, қол және дене қозғалыстары. Әртүрлі қимылдарды музыка ырғағына сәйкес орындау. Қимылдарды бір-бірімен байланыстырып, шағын би комбинацияларын құрастыру. Балалардың өздігінен қимыл үйлесімін жасауына мүмкіндік беру.

21. «Биші болам өскенде» —Жыл бойы меңгерілген негізгі би қимылдарын қайталау және бекіту. Қол, аяқ және дене қозғалыстарын музыкамен үйлестіру. Бұрын үйренген билерден негізгі элементтерді қайталап орындау. «Биші болам өскенде» биін қорытынды қойылым ретінде дайындау. Сахнада өзін еркін ұстау, қимылды дұрыс орындау, музыка ырғағын сақтау және топпен үйлесімді қозғалу дағдыларын бекіту. Сабақты қорытындылау.

Бағдарлама тақырыптары

(Мектепалды топ) 36 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Би әлеміне саяхат	1
2	«Амандасу жына қоштасу» би қимылдары	1
3	Шара Жиенқұлова	1
4	Қол және аяқ қалыптары	1
5	«Орыс» биіне дайындық	2
6	«Орыс» биі	2
7	Музыкалық екпін	2
8	«Айналма»қимылдары	1
9	Иық қимылдары	1
10	Ат шабыс түрлері	1
11	«Өзбек» биіне дайындық	2
12	«Өзбек» биі	2
13	Ырғақты би қозғалыстарын күрделендіру	2
14	«Теңізшілер » биіне дайындық	2
15	«Сайқымазақ» биіне дайындық	2
16	«Сайқымазақ» биі	2
17	Қазақ биіндегі қол қимылдары	2
18	Қазақтың ұлттық биі	2
19	Ырғақты би қимылдары	2
202	Вальстіе би қимылдары	2
21	«Балабақшамен қоштасу» мерекелік шараға дайындалу	1

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. «Би әлеміне саяхат»-Балаларды би өнерінің түрлерімен таныстыру. Би өнерінің адам өміріндегі маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі әуендерді тыңдап, олардың сипатына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Би залындағы тәртіп ережелерін сақтау, денені дұрыс ұстау, музыка ырғағын сезіну және қимылдарды әуенмен үйлестіру дағдыларын дамыту.

2. «Амандасу және қоштасу» би қимылдары Амандасу және қоштасу кезінде орындалатын қарапайым би қимылдарын үйрету. Иілу, қолды әдемі орналастыру, қол бұлғау және бұрылу қимылдарын меңгерту. Қимылдарды музыка ырғағымен орындау. Сахналық мәдениетті, әдептілікті және өзара сыйластықты қалыптастыру.

3. Шара Жиенқұлова Қазақтың белгілі бишісі Шара Жиенқұлованың шығармашылығымен таныстыру. Қазақ би өнерінің қалыптасуы мен дамуындағы еңбегі туралы балаларға түсінік беру. Шара Жиенқұлованың орындау мәнеріне тән ұлттық би қимылдарымен таныстыру. Қазақ биіне қызығушылықтарын арттыру және ұлттық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.

4. Қол және аяқ қалыптары Бидегі негізгі қол және аяқ қалыптарын қайталау және жетілдіру. Қолды төмен, жанға, алға және жоғары бағытта дұрыс орналастыру. Аяқтың негізгі қалыптарын орындау, дене салмағын дұрыс бөлу. Қол мен аяқ қалыптарын үйлестіріп орындау арқылы тепе-теңдікті, икемділікті және қимыл нақтылығын дамыту.

5. «Орыс» биіне дайындық Орыс халық биінің ерекшеліктерімен таныстыру. Би барысында орындалатын негізгі қадамдар, қол қимылдары, иілу және бұрылу элементтерін үйрету. Орыс биіне тән көңілді, ширақ қозғалыстарды меңгерту. Музыка ырғағын сезіну және қимылдарды әуенмен үйлестіру дағдыларын қалыптастыру.

6. «Орыс» биі «Орыс» биіне дайындық барысында үйренген қимылдарды бекіту. Негізгі қадамдарды, қол қимылдарын және бұрылу элементтерін біріктіріп орындау. Би композициясын музыкамен толық орындау. Топпен бірдей қозғалу, арақашықтықты сақтау және би қимылдарын мәнерлі орындау дағдыларын жетілдіру.

7. Музыкалық екпін Музыканың екпіні мен қарқыны туралы түсінік беру. Баяу, орташа және жылдам музыкалық екпінді ажыратуға үйрету. Музыка қарқынына байланысты қимыл жылдамдығын өзгерту. Бір музыкалық екпіннен

екіншісіне ауысу кезінде қозғалысты дұрыс үйлестіру. Музыкалық есту және ырғақ сезімін дамыту.

8. «Айналма» қимылдары Айналу қимылдарының негізгі түрлерімен таныстыру. Бір орында және қозғалыс кезінде айналу тәсілдерін үйрету. Айналу барысында денені тік ұстау, тепе-теңдікті сақтау және көз бағытын дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Айналу қимылдарын музыка ырғағымен үйлестіріп орындау.

9. Иық қимылдары Иық белдеуіне арналған хореографиялық қимылдарды меңгерту. Иықты жоғары-төмен, алға-артқа қозғалту және айналдыру жаттығулары орындалады. Иық қимылдарын қол және дене қозғалыстарымен байланыстыру. Музыка ырғағымен еркін әрі үйлесімді қозғалу, денені бос ұстау дағдыларын дамыту.

10. Ат шабыс түрлері Ат шабысын бейнелейтін би қимылдарымен таныстыру. Аттың жүрісін, шабысын және шапқан кездегі қозғалысын қимыл арқылы көрсету. Аяқпен ырғақты қадам жасау, қолды сәйкес қалыпта ұстау және денені қимылға үйлестіру үйретіледі. Музыканың қарқынына қарай ат шабыс қозғалыстарын өзгерту.

11. «Өзбек» биіне дайындық Өзбек ұлттық биінің ерекшеліктерімен таныстыру. Өзбек биіне тән қол, білек, саусақ, иық және дене қимылдарын меңгерту. Негізгі қадамдар мен бұрылу элементтерін үйрету. Қол мен аяқ қозғалыстарын музыка ырғағымен үйлестіру. Ұлттық би мәдениетіне қызығушылық қалыптастыру.

12. «Өзбек» биі «Өзбек» биінің дайындық кезеңінде меңгерілген қимылдарды бекіту. Қол, аяқ және дене қозғалыстарын біртұтас композицияға біріктіру. Би қимылдарын музыкалық ырғақпен дәл орындау. Топпен үйлесімді қозғалу, сахналық кеңістікті дұрыс пайдалану және би композициясын толық орындау дағдыларын қалыптастыру.

13. Ырғақты би қозғалыстарын күрделендіру Бұрын меңгерілген ырғақты би қимылдарын қайталау және күрделендіру. Бірнеше қимылды бірізділікпен орындау, қимылдардың бағыты мен қарқынын өзгерту. Қол, аяқ және дене қозғалыстарын бір уақытта үйлестіру. Музыканың екпініне сәйкес күрделілеу би комбинацияларын орындау. Қимыл дәлдігін және есте сақтау қабілетін дамыту.

14. «Теңізшілер» биіне дайындық «Теңізшілер» биінің мазмұнымен таныстыру. Теңізшілердің қозғалысын бейнелейтін жүріс, марш, қол және дене қимылдарын үйрету. Музыкалық ырғаққа сәйкес қадам жасау, бұрылу және

15. «Сайқымазақ» биіне дайындық «Сайқымазақ» биінің көңілді және бейнелі қимылдарымен таныстыру. Сайқымазақтың жүрісін, иілуін, секіруін және күлкілі қозғалыстарын би арқылы көрсету. Қол, аяқ және дене қимылдарын еркін орындауға үйрету. Музыканың көңілді сипатын қимыл арқылы жеткізу және шығармашылық қабілетті дамыту.

16. «Сайқымазақ» биі «Сайқымазақ» биінің негізгі қимылдарын бекіту. Би композициясындағы қимылдарды ретімен орындау. Көңілді қимылдарды музыка ырғағымен үйлестіру, бет қимылдары мен дене қозғалыстарын пайдалану. Топпен бірге орындау, сахналық кеңістікте дұрыс орналасу және образды қимыл арқылы жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

17. Қазақ биіндегі қол қимылдары Қазақ ұлттық биіне тән қол, білек және саусақ қимылдарын меңгерту. Қолды әсем орналастыру, білекті бұру, саусақтарды үйлесімді қозғалту жаттығулары орындалады. Иық және қол қозғалыстарын ұлттық әуен ырғағымен байланыстыру. Қимылдардың нәзіктігі мен мәнерлілігін қалыптастыру.

18. Қазақтың ұлттық биі Қазақ ұлттық биінің негізгі қимылдарын біріктіріп орындау. Қазақ биіне тән қол, аяқ, иық және дене қозғалыстарын музыкамен үйлестіру. Ұлттық би композициясын меңгеру, қимылдардың реттілігін сақтау және топпен бірдей орындау. Қазақ халқының ұлттық өнеріне деген құрмет пен қызығушылықты арттыру.

19. Ырғақты би қимылдары Музыкалық ырғақты сезіну және оны би қозғалыстары арқылы көрсету. Әртүрлі ырғақтағы музыкаға сәйкес қадам, бұрылу, секіру және қол қимылдарын орындау. Бірнеше ырғақты қимылды біріктіріп, би комбинацияларын жасау. Қимылдардың нақтылығын, есте сақтау қабілетін және музыкалық естуді дамыту.

20. Вальс би қимылдары Вальс биінің ерекшеліктерімен таныстыру. Вальске тән баяу әрі әсем қадамдарды, бұрылу және қол қозғалыстарын үйрету. Үштік ырғақты сезіну, музыкамен бірқалыпты қозғалу және денені дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру. Жұппен және топпен қозғалу кезінде арақашықтықты сақтау. Вальс қимылдарын шағын комбинация ретінде орындау.

21. «Балабақшамен қоштасу» мерекелік шараға дайындалу Балабақшамен қоштасуға арналған мерекелік шараның би қойылымдарын дайындау. Бұрын меңгерілген би қимылдарын қайталау және бекіту. Қойылымдардың реттілігін есте сақтау, музыкамен қимылды үйлестіру, сахнада дұрыс орналасу және топпен бір уақытта қозғалу дағдыларын қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізігі әдебиеттер.

1.А.С.Садыкова «Ритмикалық би өнері», «Рауан» Алматы баспасы 2007ж

2. Б.Аюханов «Қазақ биінің сырлары» Алматы баспасы 1998ж

3. Б.Аюханов «Классикалық би» Алматы баспасы 1998ж

4.Д.Әбіров «Балабақшаға арналған билер», «Рауан», «Алматы» баспасы 1996ж

Қосымша әдебиеттер.

5. Ш.Жиенқұлова «Достар биі» , «Мектеп» Алматы баспасы 1990ж

6. Р.Дүйсембина «Қазақтың би өнері», «Рауан» Алматы баспасы 1992ж

7. Е.Сағындыков «Қазақтың ұлттық ойындар» , «Рауан» Алматы баспасы 1990ж

8. Отбасы жіне балабақша журналы №11 2012ж

9. Х.Қыдырбаев «Қазақ музыка әдебиеті» Ақтөбе журналы 2008ж

10. Л.Аитова «Өнерлі болғым келеді» , «Рауан» Алматы баспасы 2005ж